

**"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері"
туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысына
өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 26 шілдедегі № 972 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері
» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысына
(Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 14, 168-құжат) мынадай өзгерістер
е н г і з і л с і н :

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
министрлігі туралы ережеде:

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Министрлік қолданыстағы заңнамаға және өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес
мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) мемлекеттің реттелетін салалардағы аграрлық саясатын іске асырады,
стратегиялық жоспарлар, мемлекеттік, салалық (секторалдық) бағдарламалар әзірлейді
және іске асырады, сондай-ақ ғылыми зерттеулер ұйымдастырады;

2) агроөнеркәсіптік кешен саласында мемлекетаралық экономикалық
байланыстардың басым бағыттарын әзірлейді, реттелетін салалар мәселелері бойынша
халықаралық қатынастарда Қазақстан Республикасын білдіреді, инвестициялар тартуға
және оларды пайдалануға ықпал етеді, халықаралық және сыртқы экономикалық
қызметті жүзеге асырады, халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады және
халықаралық бағдарламаларды іске асыруға қатысады;

3) өз құзыреті шегінде агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы халықаралық
ж о б а л а р д ы і с к е а с ы р а д ы ;

4) агроөнеркәсіптік кешен салаларын халықаралық стандарттарға көшіру жөніндегі
і с - ш а р а л а р д ы ә з і р л е й д і ;

5) агроөнеркәсіптік кешенді ғылыми қамтамасыз ету мен кадрлар даярлау
саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

6) агроөнеркәсіп кешеніндегі жастар саясатын іске асыруға қатысады;

7) нормативтік құқықтық базаны жетілдіру, баға, техника, кеден, салық, кредит,
сақтандыру қызметінің, сондай-ақ агроөнеркәсіптік кешен саласындағы техникалық
реттеу және мемлекеттік саясат аясындағы мәселелері бойынша ұсыныстар енгізеді;

8) нарыққа реттеушілік ықпал жасау үшін мемлекеттік резервтен материалдық
құндылықтар шығару туралы және мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтар

шығаруға қатысушы ұйымдардың тізбесі, шығарылатын материалдық құндылықтардың көлемі мен бағалары жөніндегі ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Үкіметіне е н г і з е д і ;

9) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің өзара іс-қимылының оңтайлы н ы с а н д а р ы н да м ы т а д ы ;

10) қызмет салалары мен түрлері бойынша өндірістік-шаруашылық қызметтің, ауыл шаруашылығы өнімі мен оны қайта өңдеу өнімдерін тұтыну мен өндіру теңгерімінің жай-күйі мен нәтижелерін талдауды жүзеге асырады;

11) агроөнеркәсіптік кешенде кредит беруді жүзеге асыратын кредиттік серіктестіктер жүйесін дамыту үшін, агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің кредит ресурстарына қол жеткізуін жақсарту үшін жағдайлар жасайды;

12) агроөнеркәсіптік кешенді ақпараттық-маркетингтік қамтамасыз етуді ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

13) агроөнеркәсіптік кешен саласында нормативтік-әдістемелік қамтамасыз етуді, оның ішінде агроөнеркәсіптік кешен саласындағы жергілікті атқарушы органдардың қызметін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

14) агроөнеркәсіптік кешен салаларын дамыту жөніндегі статистикалық ақпаратты т а л д а у д ы жү з е г е а с ы р а д ы ;

15) субсидиялар алушы міндеттемесінің нысанын әзірлейді және бекітеді;

16) салалық көтермелеу жүйесін әзірлейді және бекітеді;

17) агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне ақысыз негізде ұсынуға жататын ақпарат пен қызметтер тізбесін әзірлейді;

18) мамандандырылған ұйымдарды құру, дамыту, қайта ұйымдастыру, тарату туралы ұ с ы н ы с т а р е н г і з е д і ;

19) ауыл шаруашылығы өнімінің нақты түрлерін өндіру үшін ауыл шаруашылығы жерлерін оңтайлы пайдалану бойынша өңірлерді мамандандырудың ұсынылған схемаларын әзірлейді және бекітеді, мониторингін жүргізеді;

20) агроөнеркәсіптік кешен өнімінің тауар қозғалысы жүйесін ұйымдастырады;

21) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жоспарлау және өткізу бойынша ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметіне басшылық етеді;

22) ұлттық қауіпсіздік жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

23) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы заңдар мен өзге де нормативтік-құқықтық актілердің сақталуын қамтамасыз етеді;

24) мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы заңнаманы сақтай отырып, ұлттық қауіпсіздіктің жай-күйі мен оны қамтамасыз ету бойынша қолданылатын шаралар туралы халықты хабардар етеді, насихат және қарсы насихат жұмыстарын жүргізеді;

25) әрекеті (немесе әрекетсіздігі) Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерінің бұзылуына, ұлттық қауіпсіздігіне қауіп төнуіне әкеп соғатын лауазымды адамдарды, мемлекеттік қызметшілерді тиісті жауаптылыққа тартады;

26) өз құзыреті шегінде мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтердің, сондай-ақ өзі құпияландырған мәліметтердің қорғалуын қамтамасыз етеді;

27) суармалы жерлердің мелиоративтік жай-күйіне мамандандырылған мемлекеттік мекемелердің мониторинг және бағалау жүргізуін ұйымдастырады;

28) агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың және осы саладағы мемлекеттік және салалық бағдарламаларды іске асырудың мониторингін жүргізеді;

29) далалық жұмыстарды жүргізу мониторингін жүргізеді;

30) азық-түлік тауарларының бағалары мен нарықтары мониторингін жүргізеді;

31) азық-түлік қауіпсіздігінің жай-күйі мониторингін жүргізеді;

32) агроөнеркәсіп кешені саласында мемлекеттік техникалық инспекцияны жүзеге асырады ;

33) сақтанушының, сақтандырушының, агенттің және қоғамның бақылау функцияларын жүзеге асыру үшін оларға қажетті ақпарат пен құжаттарды ұсыну нысаны мен мерзімдерін әзірлейді және белгілейді;

34) сақтандырушыдан, сақтанушыдан, қоғамнан және агенттен өзінің бақылау функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты сұратады және алады ;

35) сақтанушылардың міндетті сақтандыру шартын жасасудан жалтаруы туралы және Қазақстан Республикасының өзара сақтандыру туралы заңнамасының және « Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы Заңының талаптарын қоғамның сақтамауы туралы істерді қарайды ;

36) егістіктердің жойылу аяндарын анықтау әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

37) агенттің, қоғамның қызметін, олардың Қазақстан Республикасының өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы заңнамасын сақтауын бақылауды жүзеге асырады ;

38) сарапшы ұйымға қойылатын біліктілік талаптарын әзірлейді;

39) ауыл шаруашылығы техникасының және жабдықтарының лизингін ұйымдастыру жөніндегі бағдарламаларды әзірлейді;

40) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін техникалық жарақтандыру және ауыл шаруашылығы машиналарын жасауды дамыту жөніндегі іс-шараларды әзірлейді;

41) тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждalған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу қағидаларын әзірлейді;

42) тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждalған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиорациялық және

жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды кепілге қоюды мемлекеттік тіркеу қағидаларын әзірлейді;

43) тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждalған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік байқаудан өткізу қағидаларын әзірлейді;

44) тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылысы машиналарын, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды басқару құқығына емтихандар қабылдау және куәліктер беру қағидаларын әзірлейді;

45) техникалық регламенттерді әзірлеу, стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарға өзекті сипат беру және оларды біріздендіру туралы ұсыныстарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен дайындайды және енгізеді;

46) тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласы бойынша техникалық регламенттер әзірлейді;

47) ведомстволық статистикалық байқаулар бойынша статистикалық әдіснама әзірлейді;

48) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық есептіліктің, тексеріс парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, жыл сайынғы тексерістер жоспарларын әзірлейді және бекітеді;

49) өсімдік текті өнімді өсіретін, дайындайтын, қоймалайтын, қайта өңдейтін және өткізетін ұйымдардың, ішкі сауда объектілерінің, шаруа немесе фермер, үй жанындағы және саяжай қожалықтарының аумағы мен үй-жайларына, ауыл шаруашылығы, орман, су және басқа да мақсаттағы жерлерге тұрақты бақылау іріктеу зерттеулерін жүргізеді;

50) Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасына сәйкес реттелетін салаларда лицензиялауды және лицензиялық бақылауды жүзеге асырады;

51) салық салу объектілері және (немесе) салық салумен байланысты объектілері бар салық төлеушілер туралы, сондай-ақ, салық салу объектілері және (немесе) салық салумен байланысты объектілер туралы мәліметті Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен салық қызметі органдарына ұсынады;

52) тұтынушылар құқықтарын қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді;

53) уәкілетті органға және Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасының тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

54) жеке немесе заңды тұлғалардың тұтынушылар құқықтарын қорғау саласындағы өтініштерін қарайды;

- 55) Қазақстан Республикасының тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы заңнамасын бұзушыларға жауапкершілік шараларын қолданады;
- 56) Қазақстан Республикасының тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;
- 57) өңірлерде арнайы қоймаларды (көмінділерді) орналастырудың орындылығын және олардың санын келіседі;
- 58) тұқым шаруашылығы саласы бойынша техникалық регламенттер әзірлейді;
- 59) сорт сынау, тұқым шаруашылығы мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді және тұқымға арналған құжаттама нысандарын әзірлейді және бекітеді;
- 60) сорттардың оригинаторларын тіркеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 61) тұқым сапасын сараптауды жүзеге асыру тәртібін әзірлейді;
- 62) сорттық және тұқымдық бақылауды, жерге егіп бағалауды, зертханалық сорттық сынауларды жүзеге асыру тәртібін әзірлейді;
- 63) технологиялық талаптарды, тұқымдарды өндіру схемаларын, сақтау және өткізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 64) сорт жаңарту және сорт ауыстыру тәртібі мен мерзімдерін белгілейді;
- 65) ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымдарын дайындауды, өндеуді, сақтауды және пайдалануды ұйымдастыру тәртібін айқындайды;
- 66) бірегей және элиталық тұқым, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді, тұқым өткізушілерді, байқаудан өткізушілер мен тұқым сарапшыларын аттестаттау тәртібін әзірлейді;
- 67) патент қабілеттілігі мен шаруашылықта пайдалылығы мемлекеттік сынау немесе өтініш берушінің деректері бойынша бағаланатын өсімдіктер тектері мен түрлерінің тізбесін әзірлейді;
- 68) аттестатталған тұқым шаруашылығы субъектілері үшін субсидиялауға жататын бірегей тұқым өндірудің және элиталық тұқым өткізудің жыл сайынғы квоталарын белгілеу тәртібін бекітеді;
- 69) сортты егістерді байқаудан өткізу тәртібін бекітеді;
- 70) патент беруге арналған қорытындымен қоса, сорт сипаттамасының, сорттың патент қабілеттілігі туралы қорытындының нысандарын белгілейді;
- 71) тұқым сапасын сараптау жөніндегі зертханаларды аттестаттау қағидаларын әзірлейді;
- 72) бастапқы, элиталық және өнеркәсіптік (жаппай) тұқым шаруашылығын жүргізудің схемалары мен әдістерін әзірлейді және бекітеді;
- 73) Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымдарын өндіру және өткізу көлемдерін болжайды;
- 74) аттестатталған тұқым шаруашылығы субъектілері сәйкес болуы тиіс біліктілік талаптарын белгілейді;
- 75) субсидиялауға жататын тұқымдардың әрбір түрі бойынша жыл сайынғы

квоталарды тұқым шаруашылығында аттестатталған әрбір субъекті үшін – бірегей
тұқымдар бойынша айқындайды;

76) субсидиялауға жататын тұқымдардың әрбір түрі бойынша жыл сайынғы квоталарды әрбір әкімшілік-аумақтық бірлік үшін элиталық тұқым бойынша айқындайды;

77) Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміне енгізілген ауыл шаруашылығы өсімдіктері сорттарының тұқым топтарын, республиканың осы тұқымдарға деген қажетті толық қамтамасыз етілген жағдайда, сондай-ақ ғылыми зерттеулерге, патент қабілеттілігі мен шаруашылыққа пайдалылығын мемлекеттік сынауға, элиталық тұқым өндіруге арналған тұқым топтарын әкетуді келіседі;

78) мемлекеттік тұқым ресурстарын қалыптастыруды және басқаруды және олардың сандық-сапалық жай-күйін бақылауды жүзеге асырады;

79) жергілікті атқарушы органдардан ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқым шаруашылығы саласындағы қажетті ақпаратты сұратады;

80) техникалық реттеу және метрология жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға тұқым шаруашылығы саласында қолданыстағы мемлекеттік стандарттарды және стандарттау бойынша басқа да нормативтік құжаттарды жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

81) «Тұқым шаруашылығы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 20) тармақшасына сәйкес айқындалатын квоталар шегінде субсидиялауға жататын тұқымдарды өткізудің шекті бағасын белгілейді;

82) селекцияны және тұқым шаруашылығы жөніндегі бағдарламаларды әзірлейді;

83) тұқым шаруашылығы саласындағы ғылыми кадрларды даярлау және қайта даярлау бағдарламаларын әзірлейді және іске асырады, байқаудан өткізушілер мен тұқым сарапшылары кадрларын даярлауды және біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

84) гендік инженерия негізінде алынған сорттар (гендік түрлендірілген) тұқымының партияларын Қазақстан Республикасына әкелуді келіседі;

85) республиканың тұқым ресурстарының мониторингін жүзеге асырады және республика бойынша тұқым теңгерімін жасайды;

86) облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары өтініштерінің негізінде мемлекеттік стандарттарда белгіленген тұқым сапасының көрсеткіштерін ерекше жағдайларда бір жылдан аспайтын мерзімге төмендетуге рұқсат береді;

87) сорттардың оригинаторларын тіркейді;

88) байқаудан өткізушілер мен тұқым сарапшылары кадрларын даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

89) отандық және шетелдік селекция сорттарын мемлекеттік сынауды ұйымдастырады;

90) ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымдарының сорттық және егіс сапаларының сараптамасын жүргізу жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

91) субсидиялар берілген бірегей және элиталық тұқымдардың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады;

92) сорттық және тұқымдық бақылауды жүзеге асыру, сорттық егістерді байқаудан өткізу, жерге егіп бағалау, зертханалық сорттық сынау, тұқым сапасын сараптау тәртібінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

93) ауыл шаруашылығы өсімдіктерін сорттық сынауды өткізу әдістемелерін әзірлейді және бекітеді;

94) ауыл шаруашылығы өсімдіктерін сорттық сынау мәселелері жөніндегі республикалық комиссия туралы ережені әзірлейді және бекітеді;

95) Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімін жүргізу тәртібін әзірлейді және бекітеді;

96) Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімін және ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің перспективалы сорттарының тізбесін бекітеді;

97) пестицидтер (улы химикаттар) айналымы саласындағы мәселелер бойынша техникалық регламенттерді әзірлейді;

98) өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік инспекторлар туралы ережелерді әзірлейді және бекітеді;

99) пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау), пестицидтерді (улы химикаттарды) өткізу, пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозолдық және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын әзірлейді;

100) пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу, өндірістік сынақтарын жүргізу және мемлекеттік тіркеу қағидаларын әзірлейді;

101) хаттамалар мен нұсқамалар нысандарын, сондай-ақ өсімдіктерді қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларды жасау мен шығару тәртібін әзірлейді және бекітеді;

102) фитосанитариялық іс-шараларды жүзеге асыру жөніндегі ұсынымдар мен әдістемелік нұсқауларды әзірлейді және бекітеді;

103) өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру тәртібін, тәсілдерін регламенттейтін әдістерді, әдістемелерді, ұсынымдарды келіседі;

104) өсімдіктерді қорғау жөніндегі мамандарды даярлау және біліктілігін көтеру жөніндегі оқыту бағдарламаларын (оқу бағдарламаларын) келіседі;

105) фитосанитариялық нормативтерді, фитосанитарлық есепке алу нысандарын,

- сондай-ақ оларды ұсыну тәртібін әзірлейді;
- 106) аса қауіпті зиянды организмдер тізбесін әзірлейді және Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынады;
- 107) өсімдіктер карантині бойынша іс-шаралар белгіленетін және жүзеге асырылатын карантиндік объектілер тізбесін айқындайды;
- 108) Өсімдіктер карантині жөніндегі бас мемлекеттік инспектордың және өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың лауазымын иеленуге қойылатын біліктілік талаптарын белгілейді;
- 109) бал шырынды өсімдіктерді өңдеу үшін қолданылатын өсімдіктерді қорғау құралдары, минералдық тыңайтқыштар мен басқа да препараттар тізбесін бекітеді;
- 110) өсімдік шаруашылығын дамытуға арналған құқықтық және экономикалық шарттарды жетілдіреді және республикадағы және шетелдердегі өсімдік шаруашылығы саласы жай-күйінің ахуалын зерделейді;
- 111) залалсыздандыруға немесе қайта өңдеуге жатпайтын карантиндік объектілермен залалданған карантинге жататын өнімді алу және жою жөніндегі қағидаларды әзірлейді;
- 112) әкелінетін карантинге жататын өнімге қойылатын фитосанитариялық талаптарды әзірлейді;
- 113) карантинге жататын өнім тізбесін әзірлейді;
- 114) топырақ құнарлылығын сақтау, өсімдіктерді қорғау және карантині жөніндегі бағдарламаларды әзірлейді;
- 115) өсімдіктер карантині саласында жасалған келісімдерге сәйкес халықаралық нормалар мен талаптардың орындалуын қамтамасыз етеді;
- 116) карантинге жататын өнім транзитінің шарттарын айқындайды;
- 117) карантинге жататын өнімге фитосанитариялық, карантиндік сертификаттар және импорттық карантиндік рұқсаттар береді;
- 118) пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеуді, өндірістік сынауды және мемлекеттік тіркеуді ұйымдастырады;
- 119) пестицидтерді (улы химикаттарды) мемлекеттік тіркеуді және Қазақстан Республикасының аумағында пестицидтерді (улы химикаттарды) қолдану құқығына тіркеу куәлігін беруді жүзеге асырады;
- 120) өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізуді ұйымдастырады және олардың жүргізілуін бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;
- 121) фитосанитариялық іс-шараларды жүргізуде мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың қызметін үйлестіреді;
- 122) зиянды және аса қауіпті зиянды организмдер бойынша фитосанитариялық мониторинг ұйымдастырады;
- 123) фитосанитариялық іс-шаралар ұйымдастыруды жүзеге асырады;
- 124) пестицидтердің (улы химикаттардың) тізімін әзірлейді, бекітеді және жүргізеді

;

125) Қазақстан Республикасының Үкіметіне және жергілікті атқарушы органдарға карантин режимін енгізе отырып, карантин аймағын белгілеу немесе оның күшін жою туралы ұсыныстар енгізеді, сондай-ақ осы аймақтарда өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізу тәртібін әзірлейді және олардың жүргізілуін бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

126) бюджет қаражаты есебінен сатып алынған пестицидтерді (улы химикаттарды) фитосанитариялық мониторинг деректеріне және қалыптасқан фитосанитариялық ахуалға қарай Қазақстан Республикасының аумағы бойынша бөледі;

127) Қазақстан Республикасында және басқа да мемлекеттерде карантиндік объектілердің болуы мен таралуы, оларға қарсы күрес жөніндегі шаралар мен іс-шаралар туралы дерекқор құрады және мүдделі тұлғаларға ақпарат береді;

128) өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін пестицидтерді (улы химикаттарды), оларды сақтау, тасымалдау, қолдану жөніндегі жұмыстар мен қызметтерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырады;

129) өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен пестицидтердің (улы химикаттардың) қорын құрады;

130) пестицидтер (улы химикаттар) түрлері бойынша запас нормативтерін және оларды пайдалану тәртібін белгілейді;

131) өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін бюджет қаражаты есебінен сатып алынған пестицидтерді (улы химикаттарды) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша бөледі;

132) тіркеу, өндірістік сынақтар мен ғылыми зерттеулер үшін әкелінетін пестицидтер (улы химикаттар) санын айқындайды;

133) өсімдік шаруашылығы саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының орындалуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

134) өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;

135) фитосанитариялық бақылау бекеттеріне әкелінетін карантинге жататын өнімді көлік құралдарын, қол жүгін және багажды тұрақты бастапқы карантиндік тексеріп қарауды, қажет болған кезде – үлгілерді іріктеп алып, оны зертханалық сараптауды жүргізеді әрі әкелінетін және әкетілетін карантинге жататын өнімге құжаттарды қарайды;

136) әкелінетін карантинге жататын өнімнің түпкілікті қабылданатын пункттерінде оның шыққан аумағы мен орнының, межелі пунктінің, сондай-ақ карантиндік объектілер таралмаған немесе олар мәнсіз аз таралған аймақтардың фитосанитариялық сипатын ескере отырып, осы өнімді тұрақты қайталама карантиндік тексеріп қарауды,

қажет болған кезде - үлгілерді іріктеп алып оны зертханалық сараптауды жүргізеді және карантиндік құжаттарды қарайды;

137) әкетілетін карантинге жататын өнімді тиіп жөнелту орындарында тұрақты карантиндік тексеріп қарауды, қажет болған кезде - үлгілерді іріктей отырып, оны зертханалық сараптауды және фитосанитариялық сертификаттауды жүргізеді;

138) фитосанитариялық бақылау бекеттерінде әкетілетін және транзиттік карантинге жататын өнімдердің карантиндік құжаттарының бар болуын және дұрыс ресімделуін тұрақты негізде қарайды;

139) Қазақстан Республикасының ішкі сауда объектілерінде және ұйымдарында карантинге жататын өнімді тұрақты тексеріп қарауды, қажет болғанда - үлгілерін іріктей отырып, оған зертханалық сараптау жүргізеді және карантиндік құжаттарды қарайды;

140) Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасын анықталған бұзушылықтарды жою туралы және өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды орындау туралы нұсқамалар береді және олардың орындалуын бақылайды;

141) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен және негіздерде жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың қызметіне тыйым салу немесе оны тоқтата тұру туралы сотқа талап арыз жібереді;

142) жерсіндіру-карантиндік көшеттіктерде импорттық егу және отырғызу материалының карантиндік объектілермен және бөтен текті түрлермен көмескі залалдануының болуын тексеру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады және бақылайды;

143) өсімдік қорғау және карантині саласында қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізілуін ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды;

144) жеке және заңды тұлғалардың карантиндік шараларды орындауын тұрақты бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

145) мемлекеттік фитосанитариялық бақылауды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

146) қоршаған ортаны қорғау және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен келісім бойынша пестицидтерді (улы химикаттарды) залалсыздандыру тәртібін, сондай-ақ арнайы қоймаларды (көмінділерді) тиісті жай-күйде ұстау шарттарын әзірлейді;

147) ғылыми-зерттеу ұйымдарымен бірлесіп, халықаралық нормалар мен ұсынымдардың талаптарын ескере отырып, фитосанитариялық тәуекелді бағалаудың ғылыми қағидаларының негізінде карантиндік шаралар әзірлейді;

148) астық және оның тіршілік циклының процестері бойынша техникалық регламенттер әзірлейді;

149) астық қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету

жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын әзірлейді;

150) Қазақстан Республикасының астық туралы заңнамасының талаптарын бұзуды жою туралы нұсқаманың, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулының нысандарын әзірлейді және бекітеді;

151) астық нарығына қатысушылардың қызметін үйлестіреді және реттейді;

152) астық нарығының мониторингін жүзеге асырады;

153) астық өндірушілерді қорғауда демпингке қарсы шаралар қолдану жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

154) астық сапасын сараптау тәртібіне және астық сапасы паспортын беруге қойылатын талаптарды әзірлейді;

155) астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу қағидаларын әзірлейді;

156) астық сақтау қағидаларын әзірлейді;

157) астық қолхаттарын беру, айналымы және оны өтеу қағидаларын әзірлейді;

158) астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқаруды жүргізу қағидаларын әзірлейді ;

159) электрондық астық қолхаттары жүйесін пайдалану қағидаларын әзірлейді;

160) астық қолхаттарының үлгілерін және астық қолхаты жазылатын бланкілерді шығару, алу, сақтау және жою қағидаларын, сондай-ақ оларға қойылатын талаптарды әзірлейді ;

161) астық нарығының мониторингін жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

162) астық қабылдау кәсіпорындары есептілігінің үлгі нысандарын әзірлейді және бекітеді ;

163) мемлекеттік астық инспекторлары туралы ережелерді әзірлейді және бекітеді;

164) астық қабылдау кәсіпорнын тексеру актісінің нысандарын әзірлейді және бекітеді ;

165) уәкілетті органның облыстық аумақтық бөлімшелерінің бастықтары бекіткен кестелер негізінде жоспарлы тексеру, сондай-ақ астық нарығына қатысушылар мен мемлекеттік органдардың өтініштері негізінде жоспардан тыс тексеру түрінде астық нарығына қатысушылардағы астықтың нақты болуы мен сапасын және оның есептік деректерге сәйкестігін тексереді;

166) облыстар бөлінісінде мемлекеттік астық ресурстарына астық сатып алу квотасын әзірлейді және бекітеді;

167) сатып алу бағасын белгілеу жөнінде ұсыныстар енгізеді;

168) ішкі нарықты реттеу мақсатында мемлекеттік астық ресурстарын пайдалану туралы шешім қабылдайды ;

169) агент пен отандық астық өндіруші, сондай-ақ агент пен астық экспорттаушы арасындағы мемлекеттік астық ресурстарына астық жеткізу шартының үлгі нысандарын әзірлейді және бекітеді;

170) ішкі нарықты реттеу мақсатында агент пен астықты қайта өңдеу ұйымы

арасындағы мемлекеттік сатылатын және мемлекеттік тұрақтандыру астық ресурстарынан астық жеткізу шартының үлгі нысандарын әзірлейді және бекітеді;

171) астықты қайта өңдеу және нан пісіру ұйымдары арасындағы мемлекеттік сатылатын және мемлекеттік тұрақтандыру астық ресурстарының астығынан жасалған ұнды өткізу шартының үлгі нысандарын әзірлейді және бекітеді;

172) астық экспорттаушының мемлекеттік астық ресурстарына астық жеткізу жөніндегі міндеттемелерін сақтауы туралы растаулардың нысандарын әзірлеп, бекітеді және оны астық экспорттаушыға береді;

173) мемлекеттік астық ресурстарының көлемі, құрылымы, қалыптастыру, сақтау, жаңарту, ауыстыру және пайдалану қағидалары жөніндегі ұсыныстар енгізеді;

174) астық қабылдау кәсіпорны мен астық иесі арасындағы жария шарттардың үлгі нысандарын әзірлейді;

175) астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қорларын құрудың, жұмыс істеуінің және таратудың талаптарын, астық қабылдау кәсіпорындарының астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру жүйесіне қатысу шарттарын, астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қорының (қорларының) кепілдіктерін алудың тәртібін, астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қорының (қорларының) астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді өтеуі тәртібін әзірлейді;

176) дәнді дақылдар өсіру технологиясын дамыту жөніндегі бағдарламаларды әзірлейді;

177) астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқаруды енгізу туралы, сондай-ақ, «Астық туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы Заңының 33-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес уақытша басқаруды мерзімінен бұрын аяқтау туралы шешім қабылдайды;

178) мемлекеттік ресурстар астығын сақтайтын астық қабылдау кәсіпорындарымен және көрсетілген астық қабылдау кәсіпорындарынан астық әкетуді жүзеге асыратын көлік ұйымдарымен астықтың кез келген мөлшерін тиіп жөнелтуді келіседі;

179) астық қабылдау кәсіпорындарының: астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу; астық сақтау; астық қолхаттарын беру, айналымы және өтеу қағидаларын сақтауын бақылауды уәкілетті органның облыстық аумақтық бөлімшелерінің бастықтары бекіткен кестелердің негізіндегі тоқсан сайынғы жоспарлы тексеріс, сондай-ақ астық нарығына қатысушылардың өтініші негізіндегі жоспардан тыс тексеріс түрінде жүзеге асырады;

180) Қазақстан Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасының Президенті жарлықтарының және Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының сақталуы тұрғысынан астық экспорттаушылар қызметін бақылауды жүзеге асырады;

181) Қазақстан Республикасының астық туралы заңнамасының бұзылуы туралы нұсқама береді;

182) астық сапасын сараптау және астық сапасы паспортын беру тәртібін сақтау тұрғысынан астық сапасын сараптау жөніндегі аккредиттелген зертханалардың қызметін бақылауды жүзеге асырады;

183) астық қолхаттары тізілімінің деректеріне сәйкес астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу және сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі талаптардың сақталуы тұрғысынан астық қабылдау кәсіпорындарының қызметін инспекциялауды (тексеруді) жүзеге асырады;

184) «Астық туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы Заңының 28-бабының 2-тармағында көзделген негіздер болған кезде астық қабылдау кәсіпорнынан астықты көліктің кез келген түрімен тиеп жөнелтуге тыйым салады;

185) мемлекеттік астық ресурстарын тиеп жөнелтуге және тасымалдауға (орын ауыстыруға) бақылауды жүзеге асырады;

186) астық қауіпсіздігі мен сапасына бақылауды жүзеге асырады;

187) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын өкілеттіктер шегінде мемлекеттік астық ресурстарын басқаруға бақылауды жүзеге асырады;

188) ветеринариялық-санитарлық бақылау мен қадағалауға жататын техникалық регламенттерді әзірлейді;

189) ветеринариялық құжаттарды беру тәртібін және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарды әзірлейді;

190) ветеринария саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптарын әзірлейді;

191) ветеринария саласындағы нұсқамалардың нысандарын, оларды жасау мен беру тәртібін әзірлейді және бекітеді;

192) ветеринария мамандарын даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі оқыту бағдарламаларын (оқу бағдарламаларын) келіседі;

193) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларды және ветеринария саласындағы басқа да нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді;

194) ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) нормаларды, бірдейлендіру есебін қоса алғанда, ветеринариялық есеп және есептілік нысандарын әзірлейді және бекітеді;

195) бірдейлендіру есебін қоса алғанда, ветеринариялық есепті және есептілікті жүргізу, ұсыну тәртібін әзірлейді;

196) ветеринария саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын ветеринариялық мамандарды тіркеуді жүргізу тәртібін әзірлейді және бекітеді;

197) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау объектілеріне ветеринариялық құжаттарды беру қағидаларын әзірлейді;

198) жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын әзірлейді;

199) экспорттаушыларды (импорттаушыларды) қоса алғанда, жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру, сондай-ақ жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың ветеринариялық нормативтерге сәйкестігін айқындау қағидаларын әзірлейді;

200) алдын алу, диагностика және жою бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың аса қауіпті ауруларының тізбесін әзірлейді;

201) жеткілікті ғылыми негіздемеге негізделген және жануарлар мен адам өмірі мен денсаулығы үшін салдарлары ескерілген, сондай-ақ халықаралық талаптарға сәйкес келетін ветеринариялық нормативтерді әзірлейді және бекітеді;

202) ветеринариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға жататын тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларды және нормативтерді, нормативтік құжаттарды әзірлейді;

203) ветеринариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға жататын тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі мәселелері бойынша консультативтік-кеңесші органдар құрады ;

204) облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органының ұсынуы бойынша профилактикасы мен диагностикасы бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың энзоотиялық ауруларының тізбесін әзірлейді және бекітеді;

205) малды өсіруді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды әзірлейді;

206) жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындау (малды сою), сақтау, қайта өңдеу және өткізу жүзеге асырылатын өндіріс объектілеріне қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды әзірлейді;

207) ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды әзірлейді;

208) жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шараларды жүргізу жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

209) жаңадан жетілдірілген ветеринариялық препараттарға, жемшөп қоспаларына нормативтік-техникалық құжаттамаларды келісу тәртібін әзірлейді және бекітеді;

210) эпизоотологиялық зерттеп-қарау актісін береді;

211) өндірістік бақылау бөлімшелерінің ветеринариялық дәрігерлерін аттестаттау т ә р т і б і н ә з і р л е й д і ;

212) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ветеринариялық мақсаттағы препараттар өндірісін лицензиялауды жүзеге асырады;

213) жануарлардан алынатын өнімге және шикізатқа ветеринариялық-санитариялық

сараптама жүргізу тәртібін айқындайды;

214) ветеринариялық препараттардың, жемшөп пен жемшөп қоспаларының және (немесе) антибиотиктері, гормондары және биологиялық стимуляторлары бар ветеринариялық препараттардың, жемшөп пен жемшөп қоспаларының серияларының (топтарының) ветеринариялық нормативтердің талаптарына сәйкестігін айқындау тәртібін белгілейді;

215) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен ветеринария саласындағы халықаралық ұйымдарда Қазақстан Республикасын білдіреді, сондай-ақ олармен ынтымақтастықты ұйымдастырады;

216) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен техникалық регламенттерде белгіленген талаптардың орындалуына мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау жүргізеді;

217) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерін ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

218) ветеринария саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды аттестаттау қағидаларын әзірлейді;

219) аумақты аймақтарға бөлу тәртібін айқындайды;

220) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар жоспарын келіседі;

221) ветеринариялық препараттардың республикалық қорын қалыптастыру, пайдалану және есептен шығару тәртібі мен нормативтерін әзірлейді және бекітеді;

222) ветеринариялық препараттардың республикалық қорын мемлекеттік сатып алуды, сақтауды, пайдалануды және есептен шығаруды ұйымдастырады;

223) ветеринариялық препараттарды, жемшөп және жемшөп қоспаларын пайдалану кезінде оларды есептен шығару, сондай-ақ оларды сақтау мерзімдері өткеннен кейін жою немесе зертханалық зерттеу нәтижелері бойынша мақсатына қарай пайдалануға жарамсыз деп тану тәртібі мен нормативтерін әзірлейді және бекітеді;

224) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді Қазақстан Республикасының аумағында тасымалдауды (орнын ауыстыруды) жүзеге асыру тәртібін әзірлейді;

225) тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына және транзитіне рұқсат беру тәртібін әзірлейді;

226) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау жүргізу туралы және орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің импортына рұқсат беретін ұйымдарды айқындау туралы шешім шығарады;

227) жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге

асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп және жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру тәртібін әзірлейді және береді;

228) ұйымдарда ветеринария саласында пайдаланылатын жануарлар ауруларын қоздырушы штамдардың пайдаланылуын, тасымалдануын (жеткізілуін), сақталуын және жойылуын мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

229) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің және биологиялық материалдың сынамасын іріктеу қағидаларын әзірлейді;

230) ветеринариялық іс-шараларды жүзеге асыру жөніндегі ұсынымдар мен әдістемелік нұсқауларды келіседі;

231) жергілікті атқарушы органдардың ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелері туралы үлгі ережені әзірлейді;

232) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру тәртібін әзірлейді;

233) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі деректер базасын қалыптастыру, жүргізу және одан үзінді көшірмелер беру ережелерін бекітеді;

234) жеке және заңды тұлғаларға экспорттау, импорттау және транзиттеу еліндегі эпизоотиялық жағдай туралы ақпарат ұсынады;

235) кейіннен өткізуге арналған ауыл шаруашылығы жануарларын союды ұйымдастыру тәртібін әзірлейді;

236) жануарлардың аса қауіпті ауруларының профилактикасы мен диагностикасы жөніндегі бағдарламаларды әзірлейді және іске асырады;

237) жаңа ветеринариялық препараттарға, жемшөпке және жемшөп қоспаларына қорытындылар береді;

238) тиісті аумақтағы эпизоотиялық ахуалды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына және транзитіне рұқсаттар береді;

239) бірінші рет өндірілетін (дайындалатын) және Қазақстан Республикасының аумағына бірінші рет әкелінетін (импортталатын) жемшөп қоспаларын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады;

240) жануарлар аурулары бойынша эпизоотиялық мониторинг жүргізеді, эпизоотия ошақтары пайда болған жағдайда оларды тексереді;

241) ветеринариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға жататын тамақ өнімдерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы ветеринариялық құжаттарды береді;

242) ветеринариялық препараттардың, жемшөп және жемшөп қоспаларының Мемлекеттік тізілімін жүргізеді;

243) жаңа, жетілдірілген ветеринариялық препараттарға, тамақ өнімін, жемшөп, жемшөп қоспаларын өндіруге арналған нормативтік-техникалық құжаттаманы жеке

және заңды тұлғаларға келіседі;

244) ветеринариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға жататын тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы нормативтік-техникалық құжаттамалардың жобаларын келіседі;

245) шекара және кеден пункттерінде (Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінде) шекаралық ветеринариялық бақылау бекеттерін ұйымдастырады;

246) процессингтік орталықтың жұмыс істеу қағидаларын әзірлейді;

247) лазерлік станцияларды, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған құралдар (заттар) мен атрибуттарды және оларды өндірушілерді тіркеу қағидаларын әзірлейді;

248) ветеринариялық ғылыми зерттеулерді және ветеринария саласындағы мамандарды қайта даярлауды ұйымдастырады;

249) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ветеринариялық препараттарды және оларды сақтау, тасымалдау (жеткізу) және пайдалану жөніндегі қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырады;

250) жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерін, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп және жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарды пайдалануға қабылдайтын мемлекеттік комиссияларға қатысады;

251) экспорттаушы елдің ғылыми негіздемесі халықаралық ұйымдардан алынған ақпаратты қоса алғанда, қолда бар ақпарат негізінде жеткіліксіз болып табылған жағдайда уақытша ветеринариялық-санитариялық шаралар енгізеді;

252) аумақты немесе оның бөлігін аурулар таралмаған немесе аурулар аз таралған деп айқындайды, осы аумақтардан экспортталатын орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды жүзеге асырады, импортталатын елге растауды ұсынады және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделген жағдайларда, оның өкілдерінің осы аумақтарда инспекциялау жүргізуге қол жеткізуін қамтамасыз етеді;

253) басқа елдердің ветеринариялық-санитарлық шараларының, егер ол шаралар Қазақстан Республикасының аумағындағы салауаттылық деңгейін қамтамасыз ететін болса, баламалылығын таниды;

254) Қазақстан Республикасының аумағын басқа мемлекеттерден әкелінетін жануарлардың жұқпалы және экзотикалық аурулары қоздырушыларының енуі мен таралуынан қорғауды ұйымдастырады;

255) ветеринариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға жататын тамақ өнімдерін өндіру объектілеріне есептік нөмірлерді береді және олардың тізілімін жүргізеді;

256) жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының ветеринария

саласындағы заңнамасын сақтауын мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

257) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерінің қауіпсіздігін, ветеринариялық-санитариялық жағдайын бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

258) бюджеттік бағдарламалар бойынша сатып алынған ветеринариялық препараттардың республикалық қорын қоса алғанда, олардың сақталуын, тасымалдануын (жеткізілуін) және пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады;

259) ішкі сауда объектілерінде, жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерінде, ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарда, сондай-ақ мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақыланатын және қадағаланатын орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді тасымалдау (орны ауыстыру) кезінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

260) әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды, хаттама толтырады және әкімшілік жаза белгілейді;

261) жануарлар ауруларының пайда болуы мен таралуын және олардың улануының себептері мен шарттарын анықтайды және белгілейді;

262) ветеринариялық препараттарды, жемшөп және жемшөп қоспаларын, аспаптарды, құрал-саймандарды байқаудан өткізуді, бақылауды, олардың тіркеу сынақтарын жүзеге асырады;

263) Қазақстан Республикасының ветеринариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға жататын тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы заңнамасында белгіленген талаптардың сақталуын ұйымдастырады және жүзеге асырады;

264) тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін анықтау бойынша ветеринариялық-санитариялық сараптаманы жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың қызметін мемлекеттік бақылауды және қадағалауды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

265) ветеринариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға жататын тамақ өнімдерін әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), айналымы, кәдеге жарату және жою процестерінің (сатыларының) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігіне ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

266) ветеринариялық-санитариялық бақылауға жататын қауіпті тамақ өнімдерін анықтау және өткізуге жол бермеу жөніндегі шараларды әзірлеу мақсатында ішкі сауда объектілеріне ветеринариялық-санитариялық бақылауды, қадағалауды және

мониторингін жүзеге асырады;

267) жануарлардың аса қауіпті ауруларының алдын алу, диагностикасы және оларды жою жөніндегі ветеринариялық іс-шараларды бекітеді, ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

268) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендірудің жүргізілуін бақылауды жүзеге асырады;

269) ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдар бөлімшелерінің қызметін бақылауды жүзеге асырады;

270) жануарлар мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын елеріне өтейді;

271) ветеринария саласындағы, оның ішінде лицензияланатын кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғаларды мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды жүзеге асырады;

272) ветеринариялық препараттар, жемшөп және жемшөп қоспалары қауіпсіздігінің мониторингін жүзеге асыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

273) биоотын өндірісі және айналымы саласындағы мәселелер бойынша техникалық регламенттер әзірлейді;

274) биоотын өндірісі мониторингін жүргізеді;

275) биоотын өндірушісінің өндіріс паспортын әзірлеу және бекіту қағидаларын әзірлейді;

276) биоотын өндірісінің көлемі туралы ақпаратты автоматтандырылған түрде беруді қамтамасыз ететін бақылау есебі аспаптарын қолдану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

277) өндіріс паспортын бекіту үшін қажетті мәліметтер тізбесін әзірлейді және бекітеді;

278) биоотын өндірісі саласында ғылымды қажетсінетін технологияларды әзірлеу жөніндегі ұсыныстар енгізеді;

279) биоотын өндірісі бойынша өндірістік қуаттардың шекті көлемдерін айқындау жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізеді;

280) азық-түлік қауіпсіздігіне қатер төнген жағдайда кейіннен биоотынға қайта өңдеу үшін пайдаланатын тамақ шикізатына квоталарды белгілеу тәртібін әзірлейді;

281) биоотын өндірісі саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

282) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған биоотын өндірісі бойынша өндірістік қуаттардың көлемдері шегінде биоотын өндіретін зауыттар салуға рұқсат береді;

283) биоотын өндіретін зауыт салуға арналған техникалық-экономикалық негіздемеге салалық сараптама жүргізеді;

284) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік органдардың

б е к і т е д і ;

299) заңды тұлға мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құрамына кіретін су объектілерінде балық аулау көлемдерін бекітеді;

300) республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың паспорттарын әзірлеу және тіркеу (қайта тіркеу) қағидаларын әзірлейді және бекітеді ;

301) табиғат қорғау ұйымын басқару жоспарын әзірлеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді ;

302) жеке тұлғалардың ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда болу қағидаларын әзірлейді және бекітеді ;

303) «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 43-1-бабының 2-тармағында көзделген жағдайда жүзеге асырылатын балықтың қырылуының алдын алу жөніндегі іс-шараларды жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді ;

304) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында көтермелеу қағидаларын және құрметті атақтар, төс белгілерін және құрмет грамоталарын беру тәртібін әзірлейді және бекітеді ;

305) өсімдіктер дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын, оның ішінде сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген өсімдіктердің санатына жатқызылған түрлерін Қазақстан Республикасына әкелуге және одан тысқары жерлерге әкетуге рұқсаттар беру тәртібін әзірлейді және бекітеді ;

306) табиғат қорғау мекемелерінде ғылыми қызмет және ғылыми зерттеулер ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді ;

307) ведомствоаралық ботаникалық және зоологиялық комиссиялардың құрамын және ережесін әзірлейді және бекітеді ;

308) мемлекеттік табиғат қорықтарында аса құнды экологиялық жүйелер мен объектілерді қамтымайтын арнайы бөлінген учаскелерінде реттелетін экологиялық туризм жүргізу үшін экскурсиялық соқпақтар мен бағыттар жасау тәртібін әзірлейді және белгілейді ;

309) өздерінің қарауындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жай-күйі, оларды күзету, қорғау, пайдалану және қаржыландыру мәселелері бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдардың есептерін қарайды ;

310) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жүйесі мен экологиялық желілерді дамыту бағдарламаларын әзірлейді ;

311) өзінің қарауындағы республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды, экологиялық дәліздерді құру және кеңейту жөніндегі жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелер жобаларының әзірленуін ұйымдастырады және бекітеді ;

312) өзінің қарауындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды басқару

жоспарларын әзірлеуді және бекітуді ұйымдастырады;

313) өзінің қарауындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға басшылық жасауды, оларда күзету, қорғау және қалпына келтіру іс-шараларын, сондай-ақ ғылыми зерттеулер жүргізілуін қамтамасыз етеді;

314) уәкілетті орган белгілеген жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды, будандастыру мен жерсіндіруді жүзеге асыру тәртібінің сақталуына мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

315) мемлекеттік табиғат қорықтарының аймақтарында жасанды шығарылатын шу және өзге де дыбыстық әсерлердің жол берілетін нормаларын әзірлейді;

316) шудың және өзге де жасанды акустикалық әсерлердің нормаларын әзірлейді;

317) республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда ғылыми қызметті ұйымдастырады;

318) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік кадастрын жүргізеді;

319) облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының ұсынуы бойынша жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің тізбесін келіседі;

320) өздеріне туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру үшін пайдалануға берілген мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің учаскелерін құрылыс объектілерін салуға пайдалануға жеке және заңды тұлғаларға рұқсат береді;

321) мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған жағдайда биологиялық негіздеме негізінде заңды тұлға мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда орналасқан су объектілерінде әуесқойлық (спорттық) балық аулауды, мелиорациялық аулауды, ғылыми-зерттеу мақсатында аулауды, молайту мақсатында аулауды жүзеге асыруға рұқсат береді;

322) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің жай-күйіне, күзетілуіне, қорғалуына және пайдаланылуына мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

323) айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) үлгілерін, оны киіп жүру тәртібін және табиғат қорғау мекемелерінің мемлекеттік инспекторларын онымен қамтамасыз ету нормаларын әзірлейді және бекітеді;

324) мемлекеттік ұлттық табиғи парктерде туристік және рекреациялық қызметтерді жүзеге асыру мен мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің туристік және рекреациялық қызметтерді жүзеге асыру үшін пайдалануға берілген учаскелерін құрылыс объектілерін салу үшін пайдалануға рұқсат беру қағидаларын әзірлейді;

325) республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың тізбесін әзірлейді және Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне енгізеді;

326) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік кадастрын жүргізу тәртібін әзірлейді;

327) республикалық маңызы бар табиғаттың мемлекеттік ескерткіштері аумағының

шекарасын және қорғау режимі түрін бекіту жөнінде Қазақстан Республикасының
Үкіметіне ұсыныстар енгізеді;

328) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың биоалуандылығын сақтауға және
дамытуға гранттар беретін халықаралық және мемлекеттік ұйымдар, үкіметтік емес
ұйымдар мен қорлар тізбесін бекіту жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне
ұсыныстар енгізеді;

329) облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті
атқарушы органдарының қарамағындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды
басқару жоспарларын келіседі;

330) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлерін қордағы жерлерге ауыстыру
тәртібін әзірлейді;

331) мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған жағдайда
облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы
органдарымен жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды
функционалды аймақтарға бөлуді түзету жобаларын келіседі;

332) сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген өсімдіктер мен жануарлар
түрлерінің тізбесін әзірлейді;

333) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың
бас схемаларын, аумақтық дамудың өңіраралық схемаларын, қала құрылысын
жоспарлаудың кешенді схемаларын және өзге де қала құрылысы құжаттамаларын
келіседі;

334) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы халықаралық
ынтымақтастықты және халықаралық шарттарды іске асыруды жүзеге асырады;

335) Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемаларын,
аумақтық дамудың өңіраралық схемаларын, қала құрылысын жоспарлаудың кешенді
схемаларын және экологиялық дәліздердің аумақтарын қозғайтын өзге де қала
құрылысы құжаттамаларын келіседі;

336) «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының
2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 43-1-бабының 1-тармағында көзделген жағдайда
жергілікті халықтың мұқтажы үшін рұқсат етілетін әуесқойлық (спорттық) балық аулау
қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

337) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы
мемлекеттік саясатты іске асырады және салааралық үйлестіруді жүзеге асырады;

338) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі салалық
(секторлық) бағдарламаларды әзірлейді;

339) тексерілетін субъектілерге қойылатын талаптарды белгілейтін нормативтік
құқықтық актілерді қоспағанда, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және
пайдалану саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

340) жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор актілерінің

нысандарын, оларды толтыру мен берудің тәртібін әзірлейді және бекітеді;

341) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы нормативтерді әзірлейді;

342) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдарының, сондай-ақ жануарлар дүниесін қорғауды тікелей жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар қызметкерлерінің айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) үлгілерін, киіп жүру тәртібін және онымен қамтамасыз ету нормаларын әзірлейді және бекітеді;

343) жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын және Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзудан келтірілген зиянды өтеу мөлшерін айқындаудың әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

344) аңшылардың және аңшылық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктері республикалық қауымдастықтарының, сондай-ақ балықшылардың және балық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің қатысуымен, бекітілген лимиттер негізінде жануарлар дүниесін алу квоталарын бөледі;

345) аңшы, балықшы және қорықшы куәліктерінің нысанын және оны беру тәртібін аяқын дайды;

346) балық аулаудың кәсіпшілік және кәсіпшілік емес құралдарының түрлері мен тәсілдерін қолдануға рұқсат етілген тізбеге енгізілмеген балық аулау құралдарының жаңа түрлері мен тәсілдерін (эксперименттік аулау тәртібімен) қолдануға арналған рұқсаттарды беру тәртібін белгілейді;

347) ішкі және сыртқы нарықтарда сату үшін бекіре тұқымдас балықтардың уылдырығын таңбалау тәртібін әзірлейді және бекітеді;

348) аңшылық және балық шаруашылықтары субъектілерінің қорықшылық қызметі туралы үлгі ережені әзірлейді;

349) жануарлар дүниесінің объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын, оның ішінде сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген санаттарға жатқызылған жануарлар түрлерін әкелуге және әкетуге рұқсаттар береді;

350) жануарлар дүниесін пайдалануға арналған биологиялық негіздеме дайындаудың тәртібін әзірлейді және бекітеді;

351) балық аулауға және балық шаруашылығын жүргізуге арналған шарттардың үлгі нысанын белгілейді;

352) аңшылық және балық шаруашылықтары субъектілерін дамыту жоспарының үлгі нысанын әзірлейді және бекітеді;

353) қолдануға рұқсат етілген кәсіпшілік және кәсіпшілік емес балық аулау құралдарының түрлері мен тәсілдерінің тізбесін әзірлейді және бекітеді;

354) жолдаманың үлгі нысанын, сондай-ақ оны беру тәртібін әзірлейді;

355) сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген санаттарға жатқызуды қоспағанда, «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 3-бабы 1-тармағының 4), 5) және 6) тармақшаларында көзделген санаттарға жатқызылған жануарлар түрлерінің тізбелерін айқындайды және оларды бір санаттан екіншісіне ауыстырады;

356) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы ғылыми-зерттеулер мен жобалау-іздістіру жұмыстарын жүргізуді ұйымдастырады және (немесе) қамтамасыз етеді;

357) халықаралық және республикалық маңызы бар сулы-батпақты алқаптардың тізімдерін әзірлейді және бекітеді;

358) жануарлар дүниесін мемлекеттік есепке алуды, оның кадастры мен мониторингін жүргізуді ұйымдастырады;

359) сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін интродукциялау, реинтродукциялау және будандастыру, сондай-ақ жасанды түрде өсіру жөніндегі қызметті ұйымдастырады;

360) аңшылық алқаптары мен балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің резервтік қорында жануарлар дүниесін қорғауды, өсімін молайтуды және мемлекеттік есепке алуды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

361) су тарту құрылыстарының балық қорғау құрылғыларына қойылатын талаптарды әзірлейді және бекітеді және оларды орнатуды келіседі;

362) аңшылық алқаптарының, балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің резервтік қорын биологиялық-экономикалық тексеруді жүзеге асырады;

363) ғылыми ұсынымдар негізінде балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін паспорттандыруды жүргізеді;

364) рекреациялық балық аулау аймақтарын белгілейді;

365) уылдырық шашу кезеңінде балық аулауға тыйым салынған, сондай-ақ балық аулауға тыйым салынған су айдындарында және (немесе) учаскелерінде су көлігі қозғалысының тәртібін әзірлейді және бекітеді;

366) балық шаруашылығы учаскелерінің шекараларын белгілейді, ұйықтарды (ұйықтық учаскелерді) ашып, жабады;

367) жануарларды интродукциялау және реинтродукциялау қағидаларын әзірлейді;

368) сыртқы нарықта сату үшін бекіре тұқымдас балықтар түрлерінің уылдырығы маркасының нысанын әзірлейді және бекітеді және оны ішкі нарықта сату маркасын беруді жүзеге асырады;

369) балық аулаудың кәсіпшілік және кәсіпшілік емес құралдарының түрлері мен тәсілдерін қолдануға рұқсат етілген тізбеге енгізілмеген балық аулау құралдарының жаңа түрлері мен тәсілдерін (эксперименттік аулау ретінде) қолдануға рұқсаттар береді ;

370) бақылау үшін аулауды, интродукциялау, реинтродукциялау және

будандастыру мақсатында аулауды жүзеге асырады, балықтың қырылу қаупі бар су айдындарында және (немесе) учаскелерінде аулауды жүзеге асырады;

371) жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттар береді;

372) Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуын анықтау мақсатында жануарлар дүниесін пайдаланушылардың қызметін тексереді;

373) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құзыреті шегінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асырады;

374) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

375) жануарлар дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеу мен тыйым салуды енгізу жөнінде ұсыныс жасайды;

376) дериваттар тізбесін әзірлейді;

377) аншлаптарының үлгілерін және аңшылық шаруашылықтар, өсімін молайту учаскелері мен тыныштық аймақтары, балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің шекараларын, сондай-ақ аң аулау мен балық аулау үшін тыйым салынған мерзімдер мен орындарды, балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулауды есепке алу журналының (кәсіпшілік журналдың) нысанын әзірлейді және б е к і т е д і ;

378) жануарлар үйірімен мекендейтін жерлерді периметрі бойынша олардың індері орналасқан жерлерге жиырма метр жақындап немесе оларды алдын ала басқа жерге көшірмей жыртуға келісім беруді жүзеге асырады;

379) ұшақтардың, тікұшақтардың және өзге де ұшу аппараттарының итбалықтар, тұяқты жабайы жануарлар мен топтасып ұшатын құстар жаппай мекендейтін аумақтардың үстінен бір километрден төмен биіктікте ұшып өтуіне келісім беруді жүзеге асырады ;

380) жерсіндіруге рұқсат береді;

381) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

382) балықтардың сөзсіз қырылуына әкеп соғатын қырылу қаупі туындаған және су объектілерін немесе олардың бөліктерін ағымдағы балық шаруашылық мелиорациялауды жүргізу жолымен мұндай қауіпті болдырмау мүмкін болмаған жағдайларда ғылыми ұсынымдар негізінде балықтарды мелиорациялық аулау туралы ш е ш і м қа б ы л д а й д ы ;

383) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлейді және бекітеді;

384) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында

құрметті атақтар, төс белгілерін және құрмет грамоталарын беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

385) қорықшының төс белгісінің және айырым белгісі бар арнайы киімінің нысанын әзірлейді және бекітеді;

386) Қазақстан Республикасының аумағында шаруашылықаралық аңшылықты ұйымдастыру жөніндегі қағидаларды әзірлейді және бекітеді;

387) Қазақстан Республикасының аумағында шаруашылықішілік аңшылықты ұйымдастыру жөніндегі қағидаларды әзірлейді және бекітеді;

388) Қазақстан Республикасының аумағында жануарлар түрлерін есепке алуды жүргізу жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

389) аңшылық минимумды әзірлейді және бекітеді;

390) аңшы куәлігін беру жөніндегі есептіліктің нысанын белгілейді;

391) жабайы фауна мен флораның құрып кету қаупі төнген түрлерінің халықаралық саудасы туралы конвенцияның I және II қосымшаларына түрлері енгізілген жануарларды жасанды өсіруді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды әкімшілік органда тіркеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

392) су қоймаларына балық жіберу, балықтардың жаңа түрлерін жерсіндіру, су объектілерін балық шаруашылығы үшін мелиорациялау жөніндегі жұмыстарды жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

393) Қазақстан Республикасының Үкіметіне сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін, олардың бөліктері мен дериваттарын алу жөнінде ұсыныс енгізеді;

394) жануарлар дүниесі объектілерін алу лимиттерін әзірлейді;

395) жануарлар дүниесі объектілерін алу квоталарын бөлу қағидаларын әзірлейді;

396) халықаралық, республикалық және жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің тізбесін әзірлейді;

397) су қоймаларын халықаралық және республикалық маңызы бар сулы-батпақты алқаптарға жатқызу қағидаларын әзірлейді;

398) аңшылық, балық аулау қағидаларын әзірлейді;

399) аңшылық шаруашылығын жүргізу қағидаларын және балық шаруашылығын жүргізу қағидаларын әзірлейді;

400) Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзумен келтірілген зиянды өтеу мөлшерлерін әзірлейді;

401) сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар түрлерінің тізбесін әзірлейді және оларды басқа санаттарға ауыстырады;

402) мемлекеттік монополия субъектісі болып табылатын мемлекеттік кәсіпорынның табиғи мекендеу ортасынан алынған бекіре тұқымдас балықтарды, олардың уылдырығын өткізу қағидаларын әзірлейді;

- 403) жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат беру қағидаларын әзірлейді;
- 404) жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды және будандастыруды жүргізуге, сондай-ақ жаңадан жерсіндірілген жануарларды алуға рұқсаттар беру қағидаларын әзірлейді;
- 405) жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғау туралы ережені әзірлейді;
- 406) жануарлар дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеулер мен тыйым салуларды белгілеу қағидаларын әзірлейді;
- 407) жануарлар дүниесін мемлекеттік есепке алуды, оның кадастры мен мониторингін жүргізу қағидаларын әзірлейді;
- 408) зоологиялық коллекцияларды жасау және мемлекеттік есепке алу қағидаларын әзірлейді;
- 409) аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру жөніндегі конкурсты өткізу қағидаларын және конкурсқа қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарын әзірлейді;
- 410) аңшылық пен балық аулау объектілері болып табылатын жануарлардың бағалы түрлерінің тізбесін әзірлейді;
- 411) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган мен аумақтық бөлімшелердің лауазымды тұлғаларының, сондай-ақ мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың жануарлар дүниесін тікелей қорғауды жүзеге асыратын, айырым белгілері бар (погонсыз) нысанды киімді киюге құқығы бар қызметкерлерінің тізбесін әзірлейді;
- 412) жануарларды еріксіз және жартылай ерікті жағдайларда ұстау қағидаларын әзірлейді;
- 413) шетелдіктермен әуесқойлық (спорттық) балық аулауды ұйымдастыруға арналған шарттар жасасу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 414) аңшылықта пайдаланылатын аушы жыртқыш құстарды есепке алуды және тіркеуді жүргізу қағидаларын әзірлейді;
- 415) жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар мен жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мамандандырылған ұйымдар инспекторларының арнайы құралдар мен қызметтік қаруды қолдану, сондай-ақ қорықшылардың қызметтік қаруды қолдану қағидаларын әзірлейді;
- 416) балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін акваөсіруді дамыту үшін пайдалану қағидаларын әзірлейді;
- 417) әкімшілік органның құрып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін, олардың бөліктері мен дериваттарын Қазақстан Республикасына әкелуге және одан тысқары жерлерге әкетуге рұқсаттар беру қағидаларын әзірлейді;
- 418) балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін ерекше құнды объектілер қатарына жатқызу, олардың шекараларын белгілеу қағидаларын әзірлейді;
- 419) балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтама нысанын әзірлейді және бекітеді

;

420) тышқан тектес кеміргіштерді (саршұнақтарды, сұр егеу құйрықтарды, аламандарды) жойған кезде, сондай-ақ жануарлардың құтыру эпизоотиясы және басқа аурулары жағдайында улы химикаттарды қолдануды келіседі;

421) сирек кездесетіндерін және құрып кету қаупі төнгендерін қоспағанда, жануарларды интродукциялау, реинтродукциялау мен будандастыруды жүргізуге, сондай-ақ жаңадан жерсіндірілген жануарларды алып қоюға рұқсат береді;

422) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген құзыреті шегінде мемлекеттік орман қорын иелену мен пайдалануды жүзеге асырады;

423) орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру мәселелері жөнінде бағдарламалар әзірлеп, олардың орындалуын қамтамасыз е т е д і ;

424) орман қорын күзетуді, қорғауды, ормандарды молықтыруды және орман өсіруді ұйымдастырады және қамтамасыз етеді, өзінің функционалдық қарауындағы мемлекеттік орман қоры аумағында орман пайдалануды реттейді;

425) Қазақстан Республикасының орман қорын күзету, қорғау және пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру саласындағы нормативтік құқықтық актілерін ә з і р л е й д і және б е к і т е д і ;

426) орман қорының жай-күйіне, күзетілуіне, қорғалуына, пайдаланылуына, ормандардың молықтырылуы мен орман өсіруге тексерулер арқылы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;

427) мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі есептік кеспеағаш аймағын және ағаштың кесілетін жасын әзірлеу мен бекітуді қамтамасыз етеді;

428) өздерінің функционалдық қарауындағы мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман ресурстарын ұзақ мерзімді орман пайдалануға беру жөніндегі тендерлердің материалдарын, сондай-ақ тендер жеңімпазымен жасалатын шарттардың жобаларын облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарымен, аумақтық бөлімшелермен және өзге де мемлекеттік органдармен к е л і с е д і ;

429) мемлекеттік орман қоры аумағында орман қорының мемлекеттік есебін, мемлекеттік орман кадастрын, ормандардың және орман орналастырудың мемлекеттік мониторингін жүргізу қағидаларын әзірлейді және оларды жүргізуді қамтамасыз етеді;

430) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен орман қатынастары саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

431) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының орман шаруашылығымен айналысатын құрылымдық бөлімшесі басшысының, сондай-ақ орман мекемелері мен табиғат қорғау ұйымдары басшыларының орман қорының жай-күйі, оны күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру мәселелері бойынша есебін тыңдайды;

432) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану құқығын, сондай-ақ ормандардың жай-күйіне және молықтырылуына қауіп төндіретін жұмыстарды тоқтата тұрады, шектейді, тоқтатады;

433) орман қорын күзету, қорғау және пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру, орман селекциясы және орман тұқым шаруашылығы саласындағы ғылыми-техникалық даму бағыттарын айқындайды, ғылыми зерттеуді және жобалау-іздігіру жұмыстарын ұйымдастырады;

434) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті өкілді және атқарушы органдары өкілдерінің қатысуымен өз қарауындағы мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман ресурстарын ұзақ мерзімді орман пайдалануға беру жөнінде тендерлер ұйымдастырады және өткізеді;

435) Қазақстан Республикасының орман заңдары, Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңдар саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды;

436) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын есептеу, орман қоры аумағында өрттен келтірілген залалды есепке алу және анықтау бойынша, орман қоры аумағында ағаштың заңсыз кесілуінен келтірілген залалды есепке алу және анықтау бойынша әдістемелік нұсқаулар әзірлейді және бекітеді;

437) мемлекеттік орман саясатын қалыптастыру жөнінде ұсыныстар тұжырымдайды және оны іске асырады;

438) облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының орман шаруашылығымен айналысатын құрылымдық бөлімшелерінің, сондай-ақ орман мекемелері мен табиғат қорғау ұйымдарының орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру мәселелері бойынша қызметін үйлестіреді;

439) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдаланушылар жүзеге асыратын сүрек дайындау жөніндегі қызметті лицензиялауды жүзеге асырады;

440) орман орналастыру жобаларын бекітеді;

441) өсімдіктер дүниесінің объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын, оның ішінде сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген санатқа жатқызылған өсімдіктер түрлерін Қазақстан Республикасына әкелуге және одан тысқары жерлерге әкетуге рұқсаттар беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді және рұқсаттар береді;

442) мемлекеттік орман қоры аумағында ағаш кесудің жыл сайынғы көлемдерін қалыптастырады және бекітеді;

443) орман тұқымдарын аудандастыруды әзірлейді және бекітеді;

444) орман шаруашылығы саласында ынталандыру қағидаларын және құрметті атақтар, омырауға тағатын белгілер мен құрмет грамоталарын беру тәртібін әзірлейді

- ж ә н е б е к і т е д і ;
- 445) орман қорын күзету мен қорғау жөніндегі авиациялық жұмыстарды жүзеге асыру қағидаларын әзірлейді;
- 446) білім беру саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның келісімі бойынша мектеп орманшылығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі қағидаларын әзірлейді ж ә н е б е к і т е д і ;
- 447) орман ағаштарын, питомниктерді, табиғи түрде қайта түлеуге ықпал ету шаралары жүргізілген және мемлекеттік орман қорында табиғи өсірілуге қалдырылған алқаптарды түгендеуді жүргізу тәртібін әзірлейді және бекітеді;
- 448) орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығын әзірлейді және бекітеді;
- 449) орман ресурстары сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар, аңшылық шаруашылығының мұқтаждары; жанама орман пайдалану үшін ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген мемлекеттік орман қоры жерлерінде орман пайдаланушыларға құрылыс объектілерін салуға учаскелер беру және осы учаскелерді осындай объектілер салу үшін пайдалануға рұқсат беру қағидаларын әзірлейді ;
- 450) орман ресурстары сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар, аңшылық шаруашылығының мұқтаждары, жанама орман пайдалану үшін ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген мемлекеттік орман қоры жерлерінде орман пайдаланушыларға құрылыс объектілерін салуға учаскелер береді және осы учаскелерді осындай объектілер салу үшін пайдалануға рұқсат береді;
- 451) дериваттардың тізбесін әзірлейді;
- 452) Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген өсімдіктерді алып қою көлемі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізеді;
- 453) Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы мен мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдарын айырым белгілері бар нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етудің заттай нормаларын әзірлейді;
- 454) Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы мен мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдарының айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) үлгілерін және оны киіп жүру тәртібін әзірлейді және бекітеді;
- 455) орман тұқымдарын дайындау, қайта өңдеу, сақтау және пайдалану, олардың сапасына бақылау жасау қағидаларын әзірлейді;
- 456) мемлекеттік орман қорын санаттарға бөлу бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізеді;
- 457) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде сүректі түбірімен босату және ағаш кесу қағидаларын әзірлейді ;
- 458) өзендер, көлдер, су қоймалары, каналдар және басқа да су объектілері жағалауындағы ормандардың тыйым салынған белдеулерінің енін белгілеу қағидаларын әзірлейді ;

- 459) Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзудан келтірілген залалдың мөлшерін есептеуге арналған базалық ставкаларды әзірлейді;
- 460) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру бойынша нормалар мен нормативтер әзірлейді;
- 461) мемлекеттік орман қоры аумағында шайыр, ағаш шырындарын, қосалқы сүрек ресурстарын дайындау, жанама орман пайдалану қағидаларын әзірлейді;
- 462) ормандарды молықтыру және орман өсіру қағидаларын әзірлейді;
- 463) отырғызылатын материалдарды және арнайы мақсаттағы плантациялық екпелерді өсіру үшін мемлекеттік орман қоры учаскелерін пайдалану қағидаларын әзірлейді;
- 464) карантиндік түрлерді қоспағанда, орманның аса қауіпті зиянкестері мен ауруларының тізбесін және оларға қарсы күрес тәртібін әзірлейді;
- 465) ағаш кесу билеті мен орман билетінің нысандарын, оларды есепке алу, сақтау, толтыру және беру қағидаларын әзірлейді;
- 466) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш кесілген жерлерді куәландыру қағидаларын әзірлейді;
- 467) мемлекеттік орман қорында таңбалар қолдану қағидаларын әзірлейді;
- 468) орман қоры аумағында өрттер келтіретін залалды есепке алу, анықтау және өтеу қағидаларын әзірлейді;
- 469) орман қоры аумағында ағаштың заңсыз кесілуінен келтірілген залалды есепке алу мен анықтау қағидаларын әзірлейді;
- 470) мемлекеттік орман қоры аумағында орман пайдаланушылар сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік, спорттық және басқа да іс-шаралар өткізетін орындарда өрт сөндіру құралдарының тиесілілік нормаларын әзірлейді;
- 471) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ұзақ мерзімді орман пайдалану шартын аумақтық бөлімшелерде мемлекеттік тіркеу қағидаларын әзірлейді;
- 472) тез өсетін ағаш және бұта тұқымдыларды плантацияларға отырғызуға және онда өсіруге, жеке орман питомниктерін құруға және дамытуға жұмсалған шығындарды өтеу қағидаларын әзірлейді;
- 473) мемлекеттік орман иеленушінің ормандағы өрт сөндіру станциясы туралы ережені әзірлейді;
- 474) Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман инспекциясы лауазымды адамдарының орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруы жөніндегі қағидаларды әзірлейді;
- 475) мемлекеттік орман күзеті туралы ережені әзірлейді;
- 476) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман шаруашылығы іс-шаралары орындалуының сапасына және олардың орман орналастыру жобаларына сәйкестігіне

мемлекеттік бақылау жасауды жүзеге асырады;

477) орман қорының сандық және сапалық өзгерістерін, орманның санитарлық жай-күйін, ормандағы ағаштардың патологиялық жағдайын бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

478) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман ресурстарын орман пайдалануға беру тәртібін және ұзақ мерзімді орман пайдалану шарттарының сақталуын бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

479) ормандарда өрт қауіпсіздігі талаптарының, ормандағы өрттердің алдын алу жөніндегі, оларды дер кезінде анықтау мен жоюды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралардың орындалуын, сондай-ақ өртеңдер алаңының есебін жүргізудің дәлдігін және мемлекеттік орман қорына өрттен келген нұқсанды анықтау, орман өрттерінің зардаптарын жою жөніндегі шаралардың уақтылы қабылдануын бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

480) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ауыл және орман шаруашылықтарын кешенді жүргізу үшін жер учаскелерінің меншік иелеріне немесе жер пайдаланушыларға пайдалануға берілген мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі ағаш және бұта өсімдіктерінің жай-күйіне, күзетілуіне, қорғалуына, пайдаланылуы мен молықтырылуына мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

481) ормандарды орман зиянкестері мен ауруларынан қорғау жөніндегі іс-шаралардың орындалуын, орман зиянкестері мен аурулары ошақтарының пайда болуының, таралуының, екпелердің табиғи, антропогендік және техногендік сипаттағы қолайсыз әсерлерден қурап-солып қалуының алдын алу жөніндегі шаралардың дер кезінде қабылдануын, олардың есебін жүргізу мен болжаудың дәлдігін мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

482) кеспеағаштардың бөлінуіне мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

483) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде сүректі түбірімен босату мен ағаш кесу қағидаларының, орман пайдаланудың өзге де қағидаларының сақталуына мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

484) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар ормандарындағы күзет режимдерінің сақталуын мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

485) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман тұқымдарының аудандастырылуына, орман тұқымдарын дайындау, өңдеу, сақтау мен пайдалану және олардың сапасын бақылау қағидаларының сақталуына, питомниктер шаруашылығының жүргізілуіне мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

486) орман қоры жерлерінің олардың нысаналы мақсатына сәйкес пайдаланылуына және осы жерлердің қорғалуын мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

487) құрылыс жұмыстары, пайдалы қазбаларды өндіру, коммуникацияларды тарту және орман шаруашылығын жүргізумен және орман пайдаланумен байланысты емес өзге де жұмыстарды орындау кезінде мемлекеттік орман қорын пайдалану тәртібінің сақталуын мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

488) мақта саласын дамыту, мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын әзірлейді;

489) мақта саласын дамыту саласындағы мемлекеттік инспекторлар туралы ережелерді әзірлейді және бекітеді;

490) мақта нарығының мониторингін жүргізу қағидаларын әзірлейді;

491) мақтаның сандық-сапалық есебін жүргізу қағидаларын әзірлейді;

492) мақта тұқымының мемлекеттік ресурстарын қалыптастыру, сақтау және пайдалануды жүзеге асыру қағидаларын әзірлейді;

493) шитті мақтаны мақта талшығына бастапқы қайта өңдеудің технологиялық процесін ұйымдастыру қағидаларының жобасын әзірлейді;

494) мақта қолхаттарын беру, оның айналымы, күшін жою және өтеу қағидаларының жобасын әзірлейді;

495) мақтаны қайта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды жүргізу қағидаларының жобаларын әзірлейді;

496) мақта қолхатының нысаны (үлгісі) мен сипаттамаларын әзірлейді және бекітеді;

497) шитті мақта сапасын сараптауды жүргізу және шитті мақта сапасы туралы куәлік беру қағидаларын әзірлейді;

498) шитті мақта сапасы туралы куәліктің нысандарын (үлгілерін) әзірлейді;

499) мақта талшығы сапасы паспортының нысандарын (үлгілерін) әзірлейді;

500) мақта нарығының мониторингін жүргізеді;

501) есеп құжаттарының тізбесі мен нысандарын, мақта нарығының мониторингін жүргізу бойынша есептілік ұсыну мерзімдерін әзірлейді;

502) кепіл туралы мәліметтер бар қойма куәлігін ұстаушының талабы бойынша мақтаны беру тәртібін айқындайды;

503) мақта қолхаттарын берумен қоймалық қызмет бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын орындау мәселелері бойынша есеп құжаттарының, есептілік ұсыну мерзімдерінің тізбесі мен нысандарын әзірлейді;

504) шитті мақтаны сақтау және оны мақта талшығына қайта өңдеу шарттарының үлгі нысандарын әзірлейді;

505) мақта талшығының сапасын сараптауды жүргізу және мақта талшығы сапасының паспортын беру қағидаларының жобаларын әзірлейді;

506) мақта қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қорларының қызметі мен оларды тарату қағидаларының жобаларын әзірлейді;

507) мақтаны қайта өңдеу ұйымдарының мақта қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру жүйесіне қатысуы қағидаларының жобаларын әзірлейді;

508) мақта қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қорларының кепілдік алуы қағидаларының жобаларын әзірлейді;

509) мақта қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қорларының міндеттемелерін өтеу қағидаларының жобаларын әзірлейді;

510) мақтаны қайта өңдеу ұйымдарына қабылдау кезінде шитті мақтаның сапасын сараптауды субсидиялау қағидаларының жобаларын әзірлейді;

511) мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды енгізу туралы, сондай-ақ «Мақта саласын дамыту туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңының 36-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес уақытша басқаруды мерзімінен бұрын аяқтау туралы шешім қабылдайды;

512) мақтаны қайта өңдеу ұйымдарының қызметін инспекциялауды (тексеруді) жүзеге асырады;

513) Қазақстан Республикасының мақта саласын дамыту туралы заңнамасының анықталған бұзушылықтарын нұсқамада белгіленген мерзімде жою туралы орындалуға міндетті жазбаша нұсқамалар береді;

514) мақтаны қайта өңдеу ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы сотқа талап қояды;

515) «Мақта саласын дамыту туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңының 32-бабының 2-тармағында көрсетілген негіздер болған кезде мақтаны жөнелтуге уақытша тыйым салады;

516) мақта қауіпсіздігі мен сапасын бақылауды жүзеге асырады;

517) аккредиттелген сынақ зертханаларының (орталықтардың) қызметін бақылауды жүзеге асырады;

518) сараптау ұйымының қызметін бақылауды жүзеге асырады;

519) мақтаны қайта өңдеу ұйымдарының мақтаның сандық-сапалық есебін жүргізуін бақылауды жүзеге асырады;

520) мақтаны қайта өңдеу ұйымдарының мақта қолхаттарын беру, олардың айналымы, жою және өтеуін бақылауды жүзеге асырады;

521) мақтаны қайта өңдеу ұйымдарының мақта қолхаттарын беру, олардың айналымы, жою және өтелін бақылауды жүзеге асырады;

522) сарапшы ұйымның мақта талшығының сапасына сараптама жүргізу және мақта талшығының сапа паспортын беру ережелерін сақтауын жыл сайынғы бақылауды жүзеге асырады;

523) Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімін жүргізеді және басып шығарады;

524) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы жаңа селекциялық

жетістіктерді сынақтан және байқаудан өткізеді;

525) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында ақпараттық қамтамасыз ету жүйелерін әзірлеуді жүзеге асырады;

526) мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган бекіткен статистикалық әдіснамаға сәйкес асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында ведомстволық статистикалық байқаулар жүргізеді және статистикалық ақпарат қалыптастыруды қамтамасыз етеді;

527) асыл тұқымды малдың мемлекеттік тіркелімін жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

528) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында аттестаттау және қайта аттестаттау жүргізу тәртібін әзірлейді;

529) асыл тұқым кітабын жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

530) асыл тұқымды өнімді (материалды) бағалау мен генетикалық бақылау үшін әдістемелер мен техникалық құралдарды әзірлеуді жүзеге асырады;

531) асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту, асыл тұқымды, оның ішінде тектік қоры шектеулі малдың тектік қорын сақтау және пайдалану бағдарламалары шеңберінде ғылыми ұйымдармен бірлесе отырып, асыл тұқымдық орталықтардағы асыл тұқымды тұқымдық малдың тұқымдық, сапалық және сандық құрамын айқындайды;

532) малды бағалау, оның асыл тұқымдық құндылығына баға беру және малды өз төлінен өсіру жөніндегі нұсқаулықтарды бекітеді;

533) мал шаруашылығы салалары бойынша асыл тұқымды өнімді (материалды) есепке алу нысандарын әзірлейді;

534) Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы заңнамасының орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

535) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілер көрсететін малды бағалау және өз төлінен өсіру жөніндегі қызметтердің сапасын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

536) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілер мен асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту бағдарламаларының негізінде бюджет қаражаты есебінен субсидия алған жеке және заңды тұлғалардағы селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың жай-күйіне, оны есепке алуға және оның есептілігіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

537) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілердің малды күтіп-ұстау, азықтандыру, сондай-ақ асыл тұқымды өнімді (материалды) сақтау жағдайларының талаптарына сәйкестігін мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

538) асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту бағдарламалары шеңберінде бюджет қаражаты есебінен сатып алынған асыл тұқымды малды жеке және заңды тұлғалардың пайдалануы тәртібіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

539) өткізілетін асыл тұқымды өнімге (материалға) берілетін асыл тұқымдық куәліктер деректерінің дәйектілігіне бақылауды жүзеге асырады;

540) өткізілетін өнімге (материалға) асыл тұқымды мал зауыты, асыл тұқымды мал шаруашылығы, асыл тұқымды мал орталығы, дистрибьютерлік орталық, асыл тұқымдық репродуктор және ірі қара малдың тұқымдары бойынша республикалық палаталар беретін асыл тұқымдық куәліктерде көрсетілген деректердің дәйектілігін т е к с е р е д і ;

541) Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінде көзделген тәртіппен асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды және әкімшілік жазалар қ о л д а н а д ы ;

542) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында жеке және заңды тұлғалардан аттестаттауға және қайта аттестаттауға өтінімдер қабылдайды;

543) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

544) тұқым стандартын бекітеді;

545) өз құзыреті шегінде мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктерді сынақтан және байқаудан өткізу мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

546) асыл тұқымдық өнімнің (материалдың) барлық түрлеріне асыл тұқымдық куәліктердің нысандарын және оларды беру тәртібін әзірлейді;

547) асыл тұқымды мал мәртебесін беру тәртібін әзірлейді;

548) Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі Бас мемлекеттік инспекторы және асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторлар туралы ережені әзірлейді және бекітеді;

549) асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспектор актілерінің нысандарын, оларды жасау және беру тәртібін әзірлейді және бекітеді;

550) экспорттаушы елдердің құзыретті органдары импортталған асыл тұқымды өнімге (материалға) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты тану тәртібін әзірлейді және бекітеді және оны тануды жүзеге асырады;

551) отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін асыл тұқымдық өнімге (материалға) қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында басым тәртіппен субсидиялауға жататын мал тұқымдарының тізбесін әзірлейді және бекітеді;

552) бағалау туралы деректердің мониторингін жүргізеді және оның нәтижелері туралы мүдделі тұлғаларды хабардар етеді;

553) асыл тұқымды малдың мемлекеттік тіркелімі деректерінің мониторингін жүргізеді және оның нәтижелері туралы мүдделі тұлғаларды хабардар етеді;

554) жеке және заңды тұлғалардың асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту, асыл тұқымды, оның ішінде тектік қоры шектеулі малдың тектік қорын сақтау және

- пайдалану бағдарламалары шеңберінде бюджет қаражаты есебінен сатып алынған асыл тұқымды малды пайдалану тәртібін әзірлейді;
- 555) селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпарат қорын жүргізу тәртібін әзірлейді және бекітеді;
- 556) асыл тұқымдық өнімнің (материалдың) әрбір түріне субсидиялар нормативтерін әзірлейді;
- 557) асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту бағдарламалары бойынша субсидиялау тәртібін әзірлейді;
- 558) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында аттестаттау және қайта аттестаттау жүргізеді;
- 559) бал ара шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;
- 560) бал ара шаруашылығын дамытудың салалық бағдарламаларын әзірлеуді ұйымдастырады;
- 561) берілген өкілеттіктер шегінде бал ара шаруашылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;
- 562) бал араларын Қазақстан Республикасында тұқымдық аудандастыру жоспарын бекітеді;
- 563) бал араларын қорғау мен молықтыруға бағытталған ғылыми-зерттеулерді ұйымдастырады;
- 564) ұлттық қауіпсіздікке, азаматтардың өмірі мен денсаулығына қатер төнген жағдайда және су шаруашылығы құрылыстарының тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында республиканың немесе өңірдің экономикасы үшін елеулі стратегиялық маңызы бар су шаруашылығы құрылыстарын мемлекеттік уақытша басқаруды енгізу жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізеді;
- 565) бассейндер мен облыстар (республикалық маңызы бар қала, астана) бойынша су пайдалану лимиттерін бекітеді;
- 566) ортақ су пайдаланудың үлгі қағидаларын әзірлейді;
- 567) ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру жөніндегі көрсетілетін қызметтер құнын субсидиялау тәртібін әзірлейді;
- 568) су шаруашылығында инвестициялық жобаларды дайындайды және іске асырады;
- 569) су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу қағидаларын әзірлейді;
- 570) судың бастапқы есебінің қағидаларын әзірлейді;
- 571) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның жеке және заңды тұлғаларға халықты орталықтандырылмаған ауыз сумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау үшін пайдаланылатын жер үсті және жер асты су объектілеріне беретін оң қорытындысын жергілікті атқарушы органдардың тіркеу тәртібін белгілейді;
- 572) тікелей су объектілерінде орналасқан су шаруашылығы құрылыстарын

пайдалану қағидаларын әзірлейді;

573) су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстары қауіпсіздігінің критерийлерін әзірлейді;

574) жерлерді гидромелиорациялауды дамыту бағыттарын айқындайды;

575) гидромелиорациялық жүйелер мен су шаруашылығы құрылыстарын паспорттауды жүргізу тәртібін, сондай-ақ паспорт нысанын белгілейді;

576) су шаруашылығы ұйымдарының қызметін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

577) су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғаудың бас және бассейндік схемаларын және су шаруашылығы баланстарын әзірлеу мен бекіту тәртібін әзірлейді;

578) су объектілерін оқшау немесе бірлесіп пайдалануға конкурстық негізде беру тәртібін әзірлейді;

579) судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындар мен басқа да құрылыстарды келісу, орналастыру және пайдалануға беру тәртібін, сондай-ақ су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде құрылыс және басқа да жұмыстар жүргізу шарттарын әзірлейді;

580) су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібін әзірлейді;

581) республика және өңір экономикасы үшін маңызды стратегиялық маңызы бар су шаруашылығы құрылыстарын уақытша мемлекеттік басқаруды енгізу тәртібін әзірлейді;

582) республикалық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының тізбесін әзірлейді;

583) ерекше стратегиялық маңызы бар су шаруашылығы құрылыстарының тізбесін әзірлейді;

584) су объектілеріне шекті жол берілетін зиянды әсер ету нормативтерін әзірлеу мен бекіту тәртібін әзірлейді;

585) экономиканың су секторын дамыту, оның ішінде жерлерді гидромелиорациялау бағдарламаларын әзірлейді;

586) арнайы су пайдалануға рұқсат беруге арналған өтініште көрсетілетін мәліметтерді айқындайды;

587) арнайы су пайдалануға рұқсат беру туралы өтініш нысанын бекітеді;

588) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемдерді есептеу әдістемесін бекітеді;

589) бассейн ішіндегі су объектілері жай-күйінің мақсатты көрсеткіштеріне кезең-кезеңмен көшу мерзімдерін айқындау әдістемесін бекітеді;

590) су шаруашылығы құрылыстарын жалға және сенімгерлік басқаруға беру қағидаларын әзірлейді;

591) сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын ерекше маңызды

топтық және оқшау сумен жабдықтау жүйелерінің тізбесін әзірлейді;

592) су шаруашылығы теңгерімдерін әзірлейді;

593) су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау және су бұру шаруашылығы (елді мекендерде орналасқан су шаруашылығы және су бұру жүйелерінен басқа) саласындағы мемлекеттік басқаруды жүзеге асырады;

594) сулардың және оларды пайдаланудың мемлекеттік есебін, мемлекеттік су кадастры мен су объектілерінің мемлекеттік мониторингін жүргізуді жүзеге асырады;

595) балық ресурстарын сақтау, өсімін молайту және аулау үшін (соның ішінде кәсіпшілік балық аулау үшін) маңызды мәні бар су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын немесе олардың бөліктерін, сондай-ақ су қорғау белдеулерінің учаскелерін балық шаруашылығын жүргізу үшін пайдалануға беру туралы шешімдер қабылдайды;

596) су объектілерінің ақпараттық дерекқорын құрады және оған барлық мүдделі тұлғалардың қол жеткізуін қамтамасыз етеді;

597) су объектілерін және ауыз сумен жабдықтау көздерін пайдалану режимін әзірлейді және бекітеді;

598) республикалық меншіктегі су объектілерін, су шаруашылығы құрылыстарын пайдалануды ұйымдастырады;

599) орталық атқарушы органдар әзірлеген өндіргіш күштерді және экономика салаларын дамыту мен орналастыру схемаларының құрамында су ресурстарын пайдалану және қорғау болжамдарын су ресурстарын пайдаланудың жол берілетін деңгейі тұрғысынан келіседі;

600) су заңнамасының бұзушылықтарын жоюға шаралар қабылдайды;

601) су объектілері бассейндері бойынша табиғат қорғау және санитариялық-эпидемиологиялық су беру көлемдерін белгілейді;

602) жер қойнауын зерделеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік уәкілетті органмен бірлесіп, әрбір су объектісінің бассейні үшін судың жай-күйі мен сапа критерийлерінің мақсатты көрсеткіштерін әзірлейді;

603) су пайдаланудың жыл сайынғы лимиттерін жылдың сулылығын, су объектілерінің экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық жай-күйін ескере отырып нақтылайды;

604) экономика салаларында су тұтынудың үлестік нормаларын келіседі;

605) су шаруашылығы құрылыстарының және су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін құрылыс, түбін тереңдету және өзге де жұмыстарды жүргізу жобаларын келіседі;

606) негізгі өзендердің бассейндері мен жалпы республика бойынша басқа да су объектілері бойынша су ресурстарын кешенді пайдалану және қорғау схемаларын әзірлейді;

607) су объектілерін жеке және бірлесіп пайдалануға беру туралы ұсыныстарды

- және оларда су пайдаланудың шарттарын келіседі;
- 608) су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарының жай-күйін жақсартуды қамтамасыз ететін балық шаруашылығы және мелиорациялық-техникалық іс-шараларды келіседі;
- 609) елді мекендер шегінен тыс жерде су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы жобалау, ізденіс, ғылыми-зерттеу және конструкторлық жұмыстарды ұйымдастырады;
- 610) Қазақстан Республикасының Су кодексінде белгілеген тәртіппен арнайы су пайдалануға рұқсаттарды беруді, олардың қолданылуын тоқтатуды және кері қайтаруды жүзеге асырады;
- 611) су шаруашылығы құрылыстарын пайдалануға қабылдау-беру жөніндегі жұмысқа қатысады;
- 612) су ресурстарын пайдаланудың республикалық ақпараттық-талдау жүйесін құрады;
- 613) су шаруашылығы теңгерімін әзірлейді;
- 614) мемлекеттік су кадастрында қамтылған ақпаратқа мүдделі жеке және заңды тұлғалардың қол жеткізуін қамтамасыз етеді;
- 615) бассейндік схемалар мен су объектілеріне жол берілетін шекті зиянды әсерлердің нормативтері негізінде өзен бассейндері бойынша су пайдалану лимиттерін әзірлейді және бекітеді;
- 616) елді мекендердің шегінен тыс су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;
- 617) су қорғау аймақтары мен белдеулері шекараларының, олардағы және ерекше қорғалатын су объектілеріндегі шаруашылық қызметінің белгіленген режимінің сақталуын жүзеге асырады;
- 618) трансшекаралық сулар туралы халықаралық келісімдердің шарттары мен талаптарының орындалуын жүзеге асырады;
- 619) су объектілері бойынша су пайдаланудың және су бөлудің белгіленген нормалары мен қағидаларының, лимиттерінің, сондай-ақ су пайдалану режимінің сақталуын жүзеге асырады;
- 620) су тарту құрылыстарын, су шаруашылығы (елді мекендерде орналасқандарынан басқа) жүйелерін және су қоймаларын пайдалану қағидаларының сақталуын жүзеге асырады;
- 621) су объектілерінен алынатын су мен оларға ағызылатын су мөлшеріне бастапқы есеп жүргізудің, су сапасын айқындаудың дұрыстығына, суды пайдалану мен ағызуды есепке алуға арналған жабдықтар мен аппаратуралардың болуын, жарамды жай-күйін және мемлекеттік аттестаттау мерзімдерінің сақталуын, су пайдаланушылардың белгіленген есептілік мерзімдерін сақтауын жүзеге асырады;
- 622) жеке және заңды тұлғалардың арнайы су пайдалануға берілген рұқсаттарда

белгіленген шарттар мен талаптарды, сондай-ақ судың зиянды әсеріне (топан су, су басу, су алу, жағалауларды бұзу және басқа да зиянды құбылыстар) қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды орындауын жүзеге асырады;

623) су объектілерін оқшау және бірлесіп пайдалануға берудің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртібінің сақталуын жүзеге асырады;

624) су объектілерінің мемлекеттік мониторингін жүргізудің және су объектілерін пайдалану мен қорғау бөлігінде жер беті және жер асты суларын мемлекеттік есепке алуды жүзеге асырудың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртібінің сақталуын жүзеге асырады;

625) белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау құжаттамасының болуына және оның экономика салаларының объектілерін салуға, жаңартуға, техникалық жағынан қайта жарақтандыруға су объектілерін, су қорғау аймақтары мен белдеулерін пайдалану мен қорғауға байланысты өзге де қызметіне сай келуін жүзеге асырады;

626) су объектілерін өз бетімен пайдалануға, су қорғау аймақтары мен су объектілері белдеулерінің аумақтарында өз бетімен құрылыс салуға жол берілмеуін жүзеге асырады;

627) суды ұтымды пайдалану мен қорғау саласындағы ғылым мен техника жетістіктерінің және озық тәжірибенің, су тұтынудың үлесін азайту жөніндегі іс-шаралардың кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда енгізілуін бақылауды жүзеге асырады;

628) су шаруашылығы құрылыстарының жұмыс режимінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

629) су қорғау аймақтары мен белдеулерінде шаруашылық қызмет режиміне қойылатын талаптардың сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

630) салық органына ұсынғанға дейін жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем бойынша салық есептілігін растауды жүзеге асырады;

631) су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды өз құзыреті шегінде жүзеге асырады;»;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде:
3-бөлімінің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Республикалық мемлекеттік мекемелер»;

3) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде:

1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 9-1, 9-2, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 21-1, 21-2, 21-3 және 21-4 - тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1. «Ақсу-Жабағылы мемлекеттік табиғи қорығы» республикалық мемлекеттік мекемесі

2. «Алакөл мемлекеттік табиғи қорығы» республикалық мемлекеттік мекемесі
3. «Алматы мемлекеттік табиғи қорығы» республикалық мемлекеттік мекемесі
4. «Барсакелмес мемлекеттік табиғи қорығы» республикалық мемлекеттік мекемесі
5. «Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» республикалық мемлекеттік мекемесі
6. «Алтынемел» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» республикалық мемлекеттік мекемесі
7. «Көкшетау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» республикалық мемлекеттік мекемесі
8. «Ертіс орманы» мемлекеттік орман табиғи резерваты» республикалық мемлекеттік мекемесі
9. «Семей орманы» мемлекеттік орман табиғи резерваты» республикалық мемлекеттік мекемесі
- 9-1. «Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерваты» республикалық мемлекеттік мекемесі
- 9-2. «Ақжайық» мемлекеттік табиғи резерваты» республикалық мемлекеттік мекемесі
10. «Батыс Алтай мемлекеттік табиғи қорығы» республикалық мемлекеттік мекемесі
11. «Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» республикалық мемлекеттік мекемесі
12. «Қаратау мемлекеттік табиғи қорығы» республикалық мемлекеттік мекемесі
13. «Қазақ мемлекеттік республикалық ағаш тұқымы мекемесі» республикалық мемлекеттік мекемесі
14. «Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» республикалық мемлекеттік мекемесі
15. «Қорғалжын мемлекеттік табиғи қорығы» республикалық мемлекеттік мекемесі
16. «Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» республикалық мемлекеттік мекемесі
17. «Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығы» республикалық мемлекеттік мекемесі
18. «Наурызым мемлекеттік табиғи қорығы» республикалық мемлекеттік мекемесі
19. «Сандықтау оқу-өндірістік орман шаруашылығы» республикалық мемлекеттік мекемесі
20. «Үстірт мемлекеттік табиғи қорығы» республикалық мемлекеттік мекемесі
21. «Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» республикалық мемлекеттік мекемесі
- 21-1. «Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» республикалық мемлекеттік мекемесі
- 21-2. «Көлсай көлдері» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» республикалық мекемесі

м е м л е к е т т і к

м е к е м е с і

21-3. «Жоңғар Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі республикалық мемлекеттік

м е м л е к е т т і к

м е к е м е с і

21-4. «Бұйратау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» республикалық мемлекеттік м е к е м е с і » .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК